

**Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Ойыл ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 09 маусымдағы № 114 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 маусымда № 3957 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 05 қаңтардағы № 5 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімдігінің 05.01.2016 № 5 қаулысымен.**

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238 бабының 3 тармағына сәйкес Ойыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ойыл ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Қазыбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М. Абдуллин*

Ойыл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 114 қаулысына қосымша

**Ойыл ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының ТІЗБЕСІ**

№	Лауазым атаулары
	Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары
1	Әлеуметтік қызметкер
	Білім беру мамандарының лауазымдары
1	Білім беру мекемелерінің барлық мамандықтарының оқытушылары
2	Жалпы білім беру мектебінің директоры
3	Мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі
4	Дене тәрбиесі басшысы
5	Алғашқы әскери дайындық басшысы, оқытушысы
6	Жалпы білім беру мектептерінде және орта, жалпы, бастауыш және қосымша білім берудің өзге ұйымдарында оқу-өндірістік, оқу-тәрбиелік, тәрбиелік істер жөнінде директордың орынбасары
7	Білім беру мекемелерінде тікелей оқу-өндірістік, оқу-тәрбиелік қызметпен айналысатын бөлім меңгерушісі, спорттық кешен меңгерушісі
8	Педагог психолог
9	Аға тәрбиеші, тәрбиеші
10	Әлеуметтік педагог
11	Мектепке дейінгі балалар ұйымының музыкалық басшысы
12	Аға басшы, басшы
13	Мектептен тыс ұйым директоры
14	Аға шебер, өндірістік оқыту шебері
15	Лаборант
16	Диеталық бикесі
17	Медбике
18	Аға әдіскер, әдіскер
19	Оқу бөлімінің меңгерушісі
20	Кітапхана меңгерушісі, кітапханашы
21	Шығармашылық шеберханасының басшысы (білім беру ұйымдарында)
22	Лагерь бастығы (қорғаныс-спорттық, сауықтыру, мектептік еңбек және демалыс)
23	Мұғалім логопед
24	Педагог ұйымдастырушы
25	Қосымша білім беру педагогі
26	Мұғалім дефектолог
27	Оқу-тәрбиелік қызметпен тікелей айналысатын музыкалық басшы, сүйемелдеуші, концертмейстер
28	Еңбек жөнінде, дене тәрбиесі жөнінде нұсқаушы
29	Дәрігер педиатр
30	Хореограф
31	Мәдени ұйымдастырушы
32	Көркемдік ұйымдастырушы
33	Бағдарламаны қамтамасыз ету бойынша мамандар, инженерлер
34	Интернат меңгерушісі
	Мәдениет мамандарының лауазымдары
1	Директор
2	Музыкалық жетекші
3	Әдіскер
4	Библиограф, кітапханашы
5	Кітапхана меңгерушісі
6	Бөлім меңгерушісі

7	Менеджер
8	Мәдени ұйымдастырушы
9	Сүйемелдеуші
10	Хореограф
11	Дирижер
12	Ансамбль жетекшісі
13	Селолық клуб ұйымдастырушысы
Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары	
1	Бас дәрігер
2	Бас дәрігер орынбасарлары
3	Поликлиника, бөлімшелер, кабинеттер және дәріханалар меңгерушісі
4	Барлық мамандық дәрігерлері
5	Барлық мамандықтың орта медициналық қызметкерлері
6	Фармацевтикалық қызметкер (дәріші, фармацевт)
7	Психолог
8	Әлеуметтік қызметкерлер
Ветеринария мамандарының лауазымдары	
1	Ветеринарлық станция директоры
2	Ветеринарлық станция директорының орынбасары
3	Ветеринарлық пункт меңгерушісі
4	Бас ветеринарлық дәрігер
5	Ветеринарлық фельдшер
Дене шынықтыру және спорт мамандарының лауазымдары	
1	Директор
2	Оқу ісі жөнінде директордың орынбасары
3	Әдіскер
4	Дәрігер
5	Бапкер оқытушы